

БЕКІТЕМІН
«Гаухар-Тас» жекеменшік балабақшасының
меңгерушісі  Г.Курпиева



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Гаухар-Тас» жекеменшік балабақшасы

Топ: «Жұлдыз» мектепалды топ

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 02.06.2025ж. - 05.06.2025ж. «Бақытты балалық шақ»

Педагогтің аты-жөні: Ходжаева Г.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі	«Әрқашан күн сөнбесін!»	«Менің әлемім»	Кәусәр бұлақ	«Мен елімнің Ұланымын!»	
Балаларды далада қабылдау	Балаларды көңіл-күйіне байланысты дене температурасын өлшеп, қабылдау.				
	Балалар мен ата-аналарды Балалар күніне сай безендірілген учаскіде қабылдау. "Домино" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді	Балалардың отбасында ата-анасымен, бауырларымен немесе жақындарымен бірге уақыт өткізгенде ойнайтын ойындары, спорттық жаттығулары, сайыстарының ішінен көпшілігіне таныс ойын түрін бірге ойнап көру және алған әсерлерімен бөлісу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Кәусәр бұлақ Балалардың қалауы бойынша мультфильм кейіпкерлерінің образын таңдап, қимылқозғалыс ойындарын өткізу, пантомимика арқылы кейіпкерді табу ойынын ойнау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) "Суретті құрастыр" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер:	"Кемпірқосақ" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: қабылдау қабілетін, түстерді ажырата білуді жетілдіру. (дене тәрбиесі) Еркін ойын: "Үш нәрсені атаңыз". Мақсат-міндеттер: балалардың заттарды топтастыра білу қабілетін жетілдіру.	

	Еңбек: ауланы сыпыру, орындықты тазалау. Мақсат-міндеттер: сыпырғышты пайдалану туралы білімдерін бекіту, өз ауласында тұрақты әрі уақытылы тазалық сақтауларын, тапсырылған іске жауапкершілікпен қарауларын қалыптастыру; еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.	Еңбек: ауладағы орындықты тазалау, ауладағы желмен шашылған жапырақтарды сыпыру. Мақсат-міндеттер: ауланы ұстауға үйрету; еңбексүйгіштікке, ұжымдық еңбекке тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.	Еңбек: құмсалғыштағы құмды қопсыту. Мақсат-міндеттер: тәрбиешіге көмектесуге ынталандыру; еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.	Еңбек: отырғызылған өсімдіктерді күту (суару, қопсыту, арамшөптерден тазарту) Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге қамқорлық жасауға деген құштарлықты тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу.	
Таңғы гимнастика	Сапқа тізілу, жүру, аяқ ұшымен, өкшемен, жүру, жүгіру (30-40сек), секіре жүріп жүгіру, жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу. Жалпы дамыту жаттығулары (жіппен) кешені. 1."Жіпті соз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ сәл алшак, жіптің екі шетінен керіп ұстап, төмен түсіріп тұру. 1-2-жіпті жоғары көтеру, оған қарау. 3-4- бастапқы қалыпқа келу, "төмен"деу.				

	2. "Бұрылу" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, жіптің екі шетінен керіп ұстап, иық бойында ұстап тұру. 1- оңға бұрылу, қолды оң жаққа созу. 2-бастапқы қалып, сол жаққа орындау. 3. "Сәл отыру" жаттығуы. Бастапқы қалып: жіптің екі шетінен ұстап тұру. 1-2-сәл отыру,арқаны түзу ұстап, өкшені көтеру, жіпті екі жағынан ұстаған күйде қолды алға созу, басты тік ұстау. 3-4-бастапқы қалып. 4."Еңкею" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қолды жіппен желке тұсында ұстау. 1-жіпті ұстаған күйде жоғары созу. 2-оңға еңкею. 3-бастапқы қалып. 4- сол жаққа орындау. 5. "Бүгілу, майысу". Бастапқы қалып: етпетінен жату, жіп тура созылыңқы қолда. 1-3-артқа қарай майысу, жіпті жоғары көтеру. 4-бастапқы қалып. (дене тәрбиесі)				
Гигиеналық шаралар	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету	

	көмектесу).	жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	
Таңғы асқа дайындық	Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру. Ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.)	Жылы сумен қолымды Тазалап мен жуамын. Қолыма алып сабынды Алақанды жуамын. Мақсат-міндеттер: үстелде мәдени және гигиеналық мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Қасықты, майлықты дұрыс қолдану, нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты толық шайнау.	Мақсат-міндеттер: балалардың мәдени-гигиеналық дағдылар туралы, жұқпалы аурулардың кейбір себептері туралы білімдерін кеңейту.	Мақсат-міндеттер: дағдыларды жетілдіру: шанышқыны бас бармақпен және ортаңғы саусағыңызбен ұстап, үстіңгі жағынан сұқ саусағыңызбен ұстау. Шеберлікті шындаңыз: майды нанға пышақпен жағу.	
Таңғы ас	Көркем сөз Біздерде бар қасықтар, Ас ішерде асықпа! Міне-табақ, міне-тамақ. Бұл недеген сиқыр ғажап. Осы жолдардан кейін балалар таңғы асқа	Көркем сөз Ыдыс толы тамағым, Тамағыма қарадым. Тауысып ап асымды, Бүгінгі күн жарадым. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Көркем сөз Сақтағаннан тазалықты, Ауырмайды ішіміз. Тазалықты сақтасаң, Ауырмайсың ешқашан. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Көркем сөз Дос бол сабын, сумен сен, Жиі – жиі жуын сен. Таңертең де, кешке де, Жуын күндіз – түсте де.	

	кіріседі. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарға отыруын бақылайды. Егер бала үстелдегі дұрыс отыру қалпын сақтамаса, педагог оған барып, дұрыс отыруға кеңес бере алады. (мәдени-гигиеналық дағдылар)			Су - тіршілік негізі, Онсыз өмір сүрмейсің. Гигиена егізі, Су деп және білгейсің. Су - табиғат байлығы, Өзен - көлге барғайсың. Кемі екі рет әр күні, Суға түсіп алғайсың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті	«Әрқашан күн сөнбесін!» атты Балалар күні мерекесін ұйымдастыру: Балалар шығармашылығынан концерт. (шығармашылық іс-әрекет) Асфальтқа сурет салу байқауы. (шығармашылық іс-әрекет) Дене тәрбиесінен ойын-жаттығу "Жаз келді алақай!" Мақсат-міндеттер: Балаларды бір қатармен	АЙНАЛАЙЫН, МАМА! Bilimland Kids ДОРОГАЯ МАМА! https://www.youtube.com/watch?v=5k_R1Y_unpM Ән тыңдату және қалауы бойынша балаға айтқызу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті) Отбасы тақырыбында Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Сиқырлы тон" қазақ халық ертегісі". Мақсат-міндеттер: Балаларға қазақ	Қоршаған әлеммен танысудан ойын-жаттығу "Кемпірқосақ жолымен" Мақсат-міндеттер: Жыл мезгілдеріне тән белгілерді, айлардың атаулары және олардың реттілігі туралы білімдерін тиянақтау, берілген дыбысқа арналған сөздер ойлап табуға, жалпылау мен жіктей білу дағдыларына жаттықтыру; логикалық ойлау қабілетін, сөйлеу қабілетін, зейінін	«Мен елімнің Ұланымын!» Отан туралы өлеңдерді жатқа айту челленджі. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Балалар шығармашылығынан суреттер көрмесін ұйымдастыру. (сурет салу) Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу ""Кемпірқосақ" жаттау. Шәймерген Әлдибекұлы". Мақсат-міндеттер:	

жүгіру; алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру; биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеу іскерліктерін жетілдіру; балаларда аяқтың ұшымен, өкшемен жүру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру; спорттық ойындар арқылы кеуде тұсынан қос қолмен допты бір-біріне лақтыру дағдыларын дамыту.	ертегілерімен таныстыруды жалғастыру; өз пікірлерін ашықта, еркін жеткізе білуге үйрету; ертегі тыңдауға деген қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорларын, тілін дамыту; алғырлыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу. Музыкадан ойын-жаттығу "Балақан да алақан" Мақсат-міндеттер: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір-бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу. Фотосуреттерді қарастыру «Менің отбасым». Фотосуретте бейнеленген өздерінің отбасы туралы	дамыту; достыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Түрлі түстер (екінші бөлім) Bilimland Kids Цветная песня https://www.youtube.com/watch?v=JfNykxbhXKk Сурет салудан ойын-жаттығу "Түрлі-түсті доғалар" Мақсат-міндеттер: Балаларды дәстүрден тыс тәсіл «дымқыл» бетте сурет салумен таныстыру; акварель бояуын қолдану дағдыларын бекіту; өз түсінгендерін, әдемі құбылыстарды түрлі бейнелеу құралдарымен, шығармашылық таныта отырып суреттеу біліктіліктерін дамыту; сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Кәусәр бұлақ Балалардың қалауы бойынша мультфильм	Балаларды көркем шығарманы мұқият тыңдауға; қойылған сұрақтарға жауап беруге; сұрақтар қоя білуге үйретуді жалғастыру; өлеңді мәнерлеп айта білу қабілеттерін әрі қарай жалғастыру; есту, қабылдау, есте сақтау қабілетін дамыту; ойлау қабілеттерін дамыту: талдау, синтез, жинақтау; монологтық сөйлеуді дамыту; көркем шығармаларға деген қызығушылықты тәрбиелеу; ұжымда жұмыс істеуге үйрету; достарына қамқоршы болуға тәрбиелеу. Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Сазбалшықтан жасалған «Ат» Дымково ойыншығы". Мақсат-міндеттер: балалардың	
---	--	---	--	--

		әңгімелеу. Дамытушы ойын. "Сынық телефон". Мақсат-міндеттері: балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	кейіпкерлерінің образын таңдап, қимылқозғалыс ойындарын өткізу, патомимика арқылы кейіпкерді табу ойынын ойнау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	танымдық белсенділігін және шығармашылығын, көзбен өлшеуін, ұсақ қол моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту. Шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге тәрбиелеу.	
Серуенге дайындық	Өз бетінше дұрыс ретпен киінуге үйрету; көмек көрсете білуге, оған алғыс айтуға тәрбиелеу.				
Күндізгі серуен	Жаз мезгіліндегі табиғат өзгерістерін бақылау (кемпірқосақтың пайда болуы). (зерттеу, танымдық, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балалардың жаздағы ауа-райы туралы түсініктерін нақтылылау; табиғатқа құрметпен қарауды, оның сұлулығын көре және бағалай білу дағдыларын қалыптастыру.	Жансыз табиғаттағы құбылыстарды бақылау, кемпірқосақ. (зерттеу, танымдық, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: кемпірқосақ туралы айту арқылы балалардың қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Экологиялық міндет: өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі жаңбырдың маңызы туралы айту, табиғатқа	Бұлттарды бақылау. (зерттеу, танымдық, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды бұлттарды байқауға баулу және ауа райын аспан күйімен анықтауға дағдыландыру. Экологиялық міндет: жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. Түзету тапсырмасы:	Таза ауада ұлттық ойындар сайысын өткізу. (дене тәрбиесі) Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Айгөлек» ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың қимыл ептілігі мен шапшаңдығын дамыту; ойын ережесін түсінуге және қатаң сақтауға, бір-бірін құрметтеуді үйрету. Қазақ халқының	

Өңгіме-викторина. Мақсаты: балаларды кемпірқосақ сияқты табиғи құбылыспен таныстыру, кемпірқосақтың пайда болу себебін түсіндіру, кемпірқосақтың түстерімен, олардың орналасу ерекшелігімен (қызыл, қызғылт сары, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін) таныстыру; кемпірқосақтың "пайда болуы" үшін күн сәулелері мен су тамшылары қажет екенін көрсету.) - Жылдың қай мезгілінде біз көп уақытымызды далада өткіземіз? (Жазда) - 1 маусымда қандай мерекені атап өтеміз? (балаларды қорғау күні) - Жаңбырдан кейін көлшіктерге секіретін жануар? (Бақа) - Жаз мезгіліндегі	деген сүйіспеншілікті дамыту. Көркем сөз Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Көкте қызыл- жасылды Кемпірқосақ асылды. Құлпырғаны қызық-ақ Жеті түрлі бояумен. Бір кесегің үзіп ап, Үйіме әкеп қояр ма ем.(М. Әлімбаев) Халық болжамдары Ыстық жел соқса - жаңбыр жауады. Торғайлар топтасып ұшса - ашық, құрғақ күн болады. Жермен тәжірибе: топырақ салынған бар екі ыдыс дайындау, сумен суару және бақылау. Ауа көпіршіктері пайда болады, ол өсімдіктердің өсуіне септігін тигізеді. Қорытынды: топырақты қопсыту керек. Экологиялық ойын:	берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және т.б.) Сұрақтар: - Бүгін ауа-райы қандай? Бүгін аспан қандай? Сіз аспанда не көресіз? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар қозғалмады ма немесе қозғалады ма? Жел бұлттарға не істейді? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауға, оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінде ұқсастықтар табуға шақырыңыз. Балалардың сөздерін және бейнелі сөздерін мадақтаңыз. Көркем сөз Ақсың, сұрсың қарасың, Қалқып қайда барасың? Жерге нөсер төгілсін, Өссін гүлдер, көп егін. Гүл, гүл жайнап өсер көп, Нөсерлетсең нөсерлет.	ұлттық ойындары. «Теңге ілу» ойыны. Мақсат-міндеттер: жылдамдық қабілетін дамыту, балаларға ұлттық ойындарды ойнауды үйрету, ережені сақтауға, бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу. Қазақ халқының ұлттық ойындары. Асық тігіп ойнау. Мақсат-міндеттер: мергендік қабілетін дамыту; балаларға ұлттық ойындарды ойнауды үйрету, ережені сақтап, бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу. Бұлттарды бақылау (жаңбыр қалай пайда болады). (зерттеу, танымдық, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларға табиғаттағы су	
--	---	---	---	--

балалардың сүйікті ісі? (Демалыс) - Тікенектері бар бақша гүлдері? (Раушан) - Күн соққысын алмау үшін жазда басымызға не киеміз? (Қалпақ) - Жазда орманда не істейміз? (Саңырауқұлақтар, жидектер жинаймыз) - Үсітімізді су қылатын жазғы табиғи құбылыс? (Жаңбыр) - Жаңбырдан кейін, әдетте аспанда не пайда болады? (Кемпірқосақ) Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Көкте қызыл- жасылды Кемпірқосақ асылды. Құлпырғаны қызық-ақ Жеті түрлі бояумен. Бір кесегің үзіп ап, Үйіме әкеп қояр ма ем. Еңбек әрекеті: құмсалғыштағы құм үйідісін су сепкіштер мен шелектер көмегімен	"Өсіру". Топырақта өсетін өсімдік түрін алып келу. "Кемпірқосақ" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды бір-бірін итермей жүгіруді жетілдіру; абай болуға дағдыландыру. Еңбек: гүл отырғызуға ыдыс дайындау (жерді қазу, топырақты дайындау). Мақсат-міндеттер: балаларды жер өңдеу жұмыстарымен таныстырып, еңбек дағдыларын жетілдіру. "Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың	Жұмбақ Көз жасты – жылауық, Келе жатыр бір алып. Жабырқаса жылайды, Жадыраса тарайды. (Бұлт) "Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппараттарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. (Д. Ахметова)	айналымы туралы түсінік беру; қорытынды жасауға үйрену. Экологиялық міндет: экологиялық таза ауа барлық тіршілік иелерінің тіршілігі үшін өте маңызды. Түзету міндеті: "Бұлтты тарат" сөйлеу тынысын дамыту. Сұрақтар: - Жаңбырдан кейін шалшық қайда жоғалады? Суға не болады? Бұлт қайдан пайда болады? Егер балаларға жауап беру қиын болса, онда өзендердегі, теңіздердегі, шалшықтардағы және басқалардағы судың булануынан ауада әрдайым су буы болатындығын түсіндіріңіз, бірақ біз оны көрмейміз. Бу көтеріліп, көрінетін	
--	--	--	--	--

суару. Мақсат-міндеттер: еңбекке деген қызығушылықтарын арттыру. "Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Қозғалмалы ойындар: "Жүгіру және секіру". Мақсат-міндеттер: серпіліс кезінде секірудің жақсы техникасына қол жеткізу. "Жолда кім жылдам жүгіреді?" Мақсат-міндеттер: кеңістіктік бағдарлауды	қасында тұрады. Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек. Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады. Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. Шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар. «Менің бауырларым», тақырыптарында балалармен серуенде әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Еңбек: балалармен бірге гүлдарда өскен гүлдерді тексеру; сынған сабақ, бұтақтарды жинау, майысқандарын көтеру. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Еркін ойын: "Күн мен жаңбыр". Мақсат-міндеттер: балалардың шығармашылығын, кеңістіктегі бағдарын, жылдамдығын, зейінін дамыту. Шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар. Балалардың көрген мультфильмдерінен алған әсерлерімен бөлісу, олардың қиялын, логикалық ойлауын, сөйлеу тілін дамыту мақсатында жетекші сұрақтар қою. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	болады - бұлттар пайда болады. Олар кішкентай су тамшыларынан тұрады. Егер мұндай бұлт салқындаса, тамшылар бірге жиналып, үлкен, ауыр болып жерге түседі - жаңбыр жауады. Көркем сөз Күзгі көк бұлт мен болам, Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын, Қаласам қазір сендерге, Жаңбыр болып жауамын. Еңбек: алаңды тазарту ұжымдық еңбегі. Мақсат-міндеттер: жалпы жұмысқа қатысу, жұмысты соңына дейін жеткізуге баулу. Қозғалыстарды дамыту жыттығулары:	
---	--	---	---	--

	дамытуды жалғастыру. Шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар.			жүгірумен ұзындыққа секіру (кемінде 1м). Мақсат-міндеттер: ұшу ауқымын дамыту. Шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар.	
Серуеннен оралу	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Шешінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Ұқыптылық дағдыларын үйрету, киім мен аяқ киімді дұрыс күтуге және орнына жинауға қалыптастыру. Бірбіріне көмектесуге баулу. Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер: - учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу; - балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату; - ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру; - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою; Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру.				
Гигиеналық шаралар	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне	

	көмегі, бір-біріне көмектесу).	қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).	
Түскі асқа дайындық	Мақсат-міндеттер: үстелдегі тағамға назар аудару; үстелде отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыс; этикет ережелерін бекіту.	Мақсат-міндеттер: үстелдегі тағамға назар аудару; үстелде отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыс; этикет ережелерін пысықтау.	Мақсат-міндеттер: дағдыларды жетілдіріңіз: шанышқыны бас бармағыңызбен және ортаңғы саусақтарыңызбен ұстаңыз, сұқ саусағыңызбен үстіңгі жағынан ұстаңыз; қолдың шанышқысының орнын өзгертпестен, тек қолды сәл бұрап әр түрлі тағам түрлерін жеу керек.	Мақсат-міндеттер: дұрыс тамақтануға шақыру, жағымды эмоционалды жағдайды сақтау және сөздік қорын байыту; мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту; аспаздың жұмысына құрметпен қарауды тәрбиелеу.	
Түскі ас	Көркем сөз Тамақтың алды-артында, Қолыңды, бала, жуып жүр. Ас ішуді "рақметпен" Аяқтау туралы біліп жүр. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Көркем сөз Дастарханға барамыз, Қасықты қолға аламыз. Төкпей-шашпай тамақты, Аузымызға саламыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Көркем сөз Күні бойы қызыққа, Батамызда қаламыз. Қиынсынып қашпаймыз, Шынығамыз жастай біз. Көңілді әуен сазымен, Жаттығуды бастаймыз. Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. (мәдени-гигиеналық	Көркем сөз Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	

			дағдылар)		
Күндізгі ұйқы	Балаларды ұйқысынан ояту. Балалар ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыру мақсатында ояту гимнастикасын жасату (шынықтыру жаттығулары, тренажерлық жүгіру жолдарын пайдалану, музыкалық жаттығулар, қимыл-қозғалысқа құрылған санамақ және басқа).	Балаларды ұйқысынан ояту. Балалар ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыру мақсатында ояту гимнастикасын жасату (шынықтыру жаттығулары, тренажерлық жүгіру жолдарын пайдалану, музыкалық жаттығулар, қимыл-қозғалысқа құрылған санамақ және басқа).	Балаларды ұйқысынан ояту. Балалар ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыру мақсатында ояту гимнастикасын жасату (шынықтыру жаттығулары, тренажерлық жүгіру жолдарын пайдалану, музыкалық жаттығулар, қимыл-қозғалысқа құрылған санамақ және басқа).	Балаларды ұйқысынан ояту. Балалар ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыру мақсатында ояту гимнастикасын жасату (шынықтыру жаттығулары, тренажерлық жүгіру жолдарын пайдалану, музыкалық жаттығулар, қимыл-қозғалысқа құрылған санамақ және басқа).	
Ұйқыдан тұру	Майтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолымен жүргізу. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. "Мөлдір су" ойын жаттығуы. Ұйқымнан тұрайын, Бетімді жуайын, Осылайыша сақтайын, Тазалықты лайым.	Балаларды сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу. Жаяу жүру: қабырғалы	Тыныш музыка қосылады, оған балалар біртіндеп оянады. Біртіндеп көтерілу (музыка ақырын ойнайды). Көркем сөз Қарсы ал ерте күн көзің, Төсегінді жина өзің. Саусағыңды сормағын, Салдыр салақ болмағын. Әдеп қыл ісінді, Тазалап жүр тісінді.	Әр баланың көңіл-күйін көтеріңіз, сөздермен ояту. Көркем сөз Ұйқымыздан тұрайық, Көзімізді ашайық. Бізді күтіп тұрмайды, Жылдам алға басайық! (дене тәрбиесі, сөйлеуді дамыту)	

	(дене тәрбиесі, сөйлеуді дамыту)	жол балалардың аяқтарын керемет уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қорғайды. Көркем сөз Түскі ұйқы уақыты, Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылып Тәтті ұйқыға батамын. (дене тәрбиесі, сөйлеуді дамыту)	Қарағанда айнаға, Ұқыпты болсын киімің. (дене тәрбиесі, сөйлеуді дамыту)		
Бесін асқа дайыдық. Бесін ас.	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: үстелді жабдықтау, тамақ қабылдау және гигиеналық процедураларды жүргізу кезінде өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту. Көркем сөз Балабақша тәртібін, Барлығымыз сақтаймыз. Тәрбиеші үмітін, Болашақта ақтаймыз. Тамақтану әдебін, Жатқа біздер білеміз. Дастарханға отырып,	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: үстелді жабдықтау, тамақ қабылдау кезінде және гигиеналық рәсімдерді жүргізу кезінде өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту. Көркем сөз Түс уақыты келгенде, Дастарханға жайғастық. Тамақ ішу әдебін, Ішімізден ойластық. Аяғымыз орнында, Сөйлемейміз бәріміз. Тамақ ішіп болған соң,	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: үстелді жабдықтау, тамақ қабылдау және гигиеналық процедураларды жүргізу кезінде өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту. Көркем сөз Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде балаларға ескерту: ұқыпты ішу, тамақпен ойнамау, тамақ ішкен кезде сөйлеспеу. Көркем сөз Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! (мәдени-гигиеналық дағдылар)	

	Жеңімізді түреміз. Ас атасы ақ нанды, Қадірлейміз шашпаймыз. Тамақтану үстінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгімен де орынды, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстайм қараңыз. Тамақтану тәртібін, Ұстанатын баламыз. Тамақтану кезінде педагог балалармен жеке жұмыс жасайды: балаларды ұқыптылық және мәдени дағдылары үшін мадақтайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Жинасамыз тағы біз. Тамақтану тәртібін, Есте сақтап алыңыз. Тамақтану аяқталғаннан кейін балалар аузын майлықпен ақырын сулап, қолдарын сүртеді (майлықты алдын-ала дайындалған арнайы контейнерге тастайды), тамақ үшін алғыс айтады және орындықтарды жайлап итеріп, үстелден тұрады. (мәдени-гигиеналық дағдылар)			
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті	"Бұлттар неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: қиялды, объектілерді қабылдау мүмкіндігін дамыту. Ойын үшін әртүрлі пішіндегі бұлттар бейнеленген карталарды	Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз". Мақсат-міндеттері: балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту. Шарты.	"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін жүйелеу. Ойын барысы. "Адам не істеді?" - тәрбиеші сұрақ	"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл	

дайындау қажет. Бұл карталар балаларға таратылады. Оларға суреттерге қарап : "Мына бұлт, меніңге (мына объектіге) ұқсайды", - деп жауап берулері қажет. Бұл ойынды серуен кезінде өткізуге болады. Мектеп жасына дейінгі балаларға аспанға қарап, бұлттарды суреттеуге шақырады. Ойынның тағы бір нұсқасы: педагог кез-келген затты атайды, ал балалар оған ұқсас бұлтты табуы керек. "Балалар бақшасы" сюжетті-рөлдік ойыны. Балабақша қызметінің негізгі түрлері және онда жұмыс істейтін мамандар туралы балалардың жалпы түсініктерін бекіту; жеке қабілеттерін, өнімді қатынастарды құру қабілеттерін дамыту. Құрал-жабдықтар.	Жүргізуші. 1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезекпен көрсетеді. 3-нұсқа. Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады. "Ойыншықтар дүкені" сюжетті-рөлдік ойыны. "Ойыншықтар" дүкені туралы балалардың идеяларын бекіту; сатушы мен сатып алушы рөліндегі әрекеттерді игеру; позитивті қарым-қатынасты дамыту. Құрал-жабдықтар. Сөрелер, ойыншықтар,	қойып, бір затты ойыншылардың біріне береді (немесе допты лақтырады). Бала жауап беріп, допты немесе затты жақын тұрған балаға береді. Осылай шеңбер бойымен бір-біріне затты немесе допты береді. Шеңберді аяқтағаннан кейін тәрбиеші жаңа сұрақ қояды: "Табиғат нені тудырды?". Ойын шеңбер бойымен жалғасады; жауап бере алмаған бала шеңберден шығып, оны өткізіп жібереді, бірақ егер ол сөзді ойлап тауып, атаса, оны қайтадан ойынға қосады. Қимылды ойын: "Аңшылар мен қояндар". Мақсат-міндеттер: балалардың қоян болып секіре, "аңшыдан" қорғана білуге дағдыландыру. Ойын барысы. Алаңның	өзгерістерін талқылау. Ойын барысы. Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар. Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады (мысалы: қыс мезгіліне қар, шырша, аққала) т.б. Еркін ойын: "Дауысынан таны". Ойын барысы. Шеңберде тұрған ойыншылардың бәрі ортаға шығып көзін байлайды да, ойын басқарушы болады. Ал қалғаны: "Секір, секір" деген кім, білгіш болсаң	
---	--	--	--	--

Медбикеге, тәрбиешіге, тәрбиешінің көмекшісіне, аспазға, балабақшада жұмыс істейтін тазалаушыға қажетті құралдар. Барысы. Балалар алдымен балабақша қызметкерлерін өздері тағайындайды. Мамандар рөлін атқаратын балалар қажетті құралдарды таңдап, оларды белгілі бір бұрышқа жинайды. Балалар мен мамандарды ойнайтындар бір-бірімен кеңесіп, кім, қайда баратындығын және не істейтінін жоспарлай алады. Педагог диалогтар мен қарым-қатынастарды нығайтуға көмектеседі, қосымша сұрақтар қояды, қандай әрекеттер жасайтынын немесе не істейтінін анықтайды, балалардың алмасуын басқарады.	ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қағаз ақшалар. Барысы. Сатушы өз қалауы бойынша тағайындалады, сатып алушылар қажетті құралдарды (карта, қаражат, смартфон) алып, ойыншықтардың біреуін таңдап, өз қалауларын айтады. Сатушы ойыншықтарды сөрелерге қояды, бағаларды анықтайды, тұтынушыларға өнімнің ұтымды жақтары туралы айтады және оны "сатады".	бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: « Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады.	таба ғой. Тауып ал да, өзің кеп, сол орынды ала ғой, деген өлеңді айтып, шеңберді айнала жүгіреді. "Секір, секір" деген сөзді мұғалім белгілеген оқушы айтады. Балалар осыны айтып болған соң, ойын бастаушы көзін ашады да, "секір" деп айтқан баланы табуға тырысады. Тапса, айтқан бала ортаға шығады да, ойын басқарушы болады. Ойын осы ретпен жүргізіле береді.	
---	---	---	--	--

Серуенге дайындық	Өз бетінше дұрыс ретпен киінуге үйрету; көмек көрсете білуге , оған алғыс айтуға тәрбиелеу.	Балалардың дербес және жүйелі киінуін бақылау. Жылдамдықты, ұқыптылықты қалыптастыру.	Балалардың өз бетінше жүйелі киінуін бақылау. Жылдамдыққа, ұқыптылыққа баулу.	Балалардың өз бетінше жүйелі киінуін бақылау. Жылдамдыққа, ұқыптылыққа баулу.	
Серуен	Жаз белгілерін бақылау. (зерттеу, танымдық, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды жаздың белгілерін өз бетінше анықтауға үйрету (жасыл шөп, жасыл ағаштар, гүлдер гүлдейді, ұзақ күндер және т. б.) Экологиялық міндет: балаларды өлкеміздегі жазғы өзгерістердің ерекшеліктерімен таныстыру. Көркем сөз "Жаз", Қадыр Мырза Әли. Жаз да келді пейілді: Жан-жануар сейілді. Жаз да келді: аптапта Жан-жаққа ұшты бақ-бақта.	Жансыз табиғат құбылыстарын: кемпірқосақты бақылауды жалғастыру. (зерттеу, танымдық, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балалардың табиғат құбылыстарын бақылауға деген құштарлығын дамыту. Жұмбақтар Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Қызыл, сары, жасылды, Көкте бір зат асылды. Жаңбыр жуды жерімді, Көкте өрмек керілді. Көркем сөз Жаңбыр жауды далада Су толып сай-салаға	Бұлттарды бақылау (жалғасы). (зерттеу, танымдық, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балалардың табиғат құбылыстарын бақылауға деген құштарлығын дамыту. - Неліктен олар жүгіретін, жүзетін, ұшатын бұлттар дейді? - Бүгін бұлт қалай қозғалып тұр? Жұмбақ Көз жасты – жылауық, Келе жатыр бір алып. Жабырқаса жылайды, Жадыраса тарайды. (Бұлт) Еңбек: ағаштардан түскен ұсақ бұтақтарды жинау. Мақсат-міндеттер:	Бұлттарды бақылау. Жаңбыр қалай пайда болады? (жалғасы). (зерттеу, танымдық, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балалардың табиғат құбылыстарын бақылауға деген құштарлығын дамыту. - Неліктен жаңбыр жауып тұр? - Жаңбырдың қандай пайдасы бар? Жұмбақ Жабағыны ұшырдым, Жерге моншақ түсірдім. (Жаңбыр) Еркін ойын: "Ұшады - ұшпайды". Мақсат-міндеттер: зейінді дамыту,	

Жаз да келді найқалып: Жатыр егін жайқалып. Жаз да келді: шаттанып, Жұмыла іске аттанып, Тындырып бар жұмысты, Тоя жедік жемісті. "Аққу-қаздар" қимыл- қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: санамақты қолданып, жүргізушіні тағайындауға, ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; кеңістікті бағдарлауға, жалтарып жүгіруге; жылдамдыққа, шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу. Сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын шарты. Балалардың ішінен бірін "қасқыр" етіп сайлайды, қалғаны "аққу-қаздарды" сомдайды. "Құсшы" болып алғашында педагог, кейін балалардың бірі болып, ойынды жүргізу	Тамшыларым тоқтады Табиғат тұр жаңара. Кемпірқосақ көгімде Керілгенін көрдің бе? Аспанда тұр әдемі Қуантып мені, сені де. Еңбек: құмсалғышты тазалау. Мақсат-міндеттер: еңбекқорлыққа, тазалыққа тәрбиелеу. "Балықшылар мен балықтар қимыл- қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шарты бойынша, әділ ойнауға баулу; бір немесе қарама-қарсы бағытта, бір-біріне соғылмай, жылдам жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту. Балалар "балықшыларды" (бір- екі бала) санамақпен тағайындайды, қалған балалар "балықтарды"	еңбекқорлыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. "Үкі" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: белгі бойынша әрекет етуге тәрбиелеу. "Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу. Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші былай жариялайды: - Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді. Қара қойым қашады, Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт! Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп	ауызша командаға реакция және мінез- құлықты реттеу. Барысы: балалар қатарда тұр. Жүргізуші әртүрлі заттарды атайды және қолдарын жоғары көтереді. Балалар аталған зат ұшатын кезде ғана қолдарын жоғары көтеруі керек. Соңында мүлдем қателеспегендерді атап өтіңіз. Еңбек: құмсалғышты тазалау. Мақсат-міндеттер: еңбекқорлыққа, тазалыққа тәрбиелеу. "Қаршыға мен қарлығаш" қимыл- қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа	
---	--	--	---	--

мүмкін. Құсшы құстарды жем жеуге босатады да, былай дейді: - Аққу-қаздар! (Ға-ға-ға!) - Жем жедіңдер ме? (Иә, иә, иә!) - Су іштіңдер ме? (Жо-оқ, жо-оқ!) Құсшы: - Суға ұшып келіңдер! Ошаққа абайлап жетіңдер! Сақ болыңдар, аш қасқыр келеді! "Аққу-қаздар" иелеріне қарай ұшулары керек. Ал, "аш қасқыр" болса, құстарды ұстап алып жеуге тырысады. Ұсталған "аққу-қаздар", "қасқырға" көмектеседі. Сөйтіп, аққу-қаздар азайып біткенше, ойын жалғасады. Еңбек: ағаштардан түскен ұсақ бұтақтарды жинау. Мақсат-міндеттер: еңбекқорлыққа,	сомдайды. Белгі бойынша "балықтар" алаңның бір жағынан екінші жағына, бірін-бірі итермей, соғылмай, жылдам жүгіреді Сол кезде алаңның ортаңғы екі шетінде тұрған "балықшылар" "балықтарды" қолмен түртіп, ұстап алуға тиісті. Ойынның соңында балалар "балықшылар" ұстаған "балықтарды" санайды, жеңіске жеткенді табады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Еркін шығармашылық жұмыс: асфальтқа кемпірқосақты түрлі-түсті борлармен салу.	түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек. Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды. Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді. Балалардың еркін әрекеті.	бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың	
--	--	---	---	--

	тиянақтылыққа тәрбиелеу. Қимылдарды дамыту: доппен жаттығу: алдыңызға жерге лақтырып, екі қолыңызбен ұстаңыз (қатарынан кемінде 10 рет). Мақсат-міндеттер: реакция жылдамдығын дамыту Экологиялық ойын: "сөзді безендіріңіз " - анықтамаларды таңдау. - Жаз қандай? Бақ-бақ қайсысы? Күн қандай? Балалардың еркін әрекеті.			ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. Балалардың тәжірибесі: желдің күші, бағыты. «Желді ұста», «Жылы және суық жел», «Желді өзіміз жасайық» ойын-тәжірибелері. Балалардың еркін әрекеті.	
Кешкі ас	Алдыңдағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Үйге қайту Ата-анаға кеңес	Ата-аналарға кеңес: "Жаз құбылыстарын бақылайық".	"Баламен қарым-қатынас мәдениеті" тақырыбында кеңес беру.	Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау.	Ата-аналарға кеңес: "Баланың белсенділігі - оның денсаулығының кепілі".	